

"Окан Холдинг /Исот" түрік компаниясының Ақмола қаласында бес жұлдызды "Астана" мейманханасын салуы туралы<*> ЕСКЕРТУ. Бұл қаулының күші "

Ақмоластройинвест" коммерциялық құрылыс салушылар компаниясының құқықтық мұрагері ретінде "Отель Астана" жабық үлгідегі акционерлік қоғам нысанындағы бірлескен кәсіпорнына қатысты барлық құқықтарға, міндеттерге, жауапкершілік пен жеңілдіктерге толық көлемінде қолданылады деп белгіленсін - ҚР Үкіметінің 1998.01.30. N 57 қаулысымен. ~P980057

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 10 қазан N 1312

Ақмола қаласын әлемдік талаптар мен стандарттарға сай мейманханалармен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақмола қаласында бес жұлдызды "Астана" мейманханасын сайлаудың жобасын жүзеге асыру үшін "Ақмолақұрылысинвест" (тапсырыс беруші) коммерциялық құрылыс салушылар компаниясы мен "Окан Холдинг /Исот" (мердігер) компаниясы арасында 66,5 (алпыс алты миллион бес жүз мың) млн. АҚШ доллары сомасына жасалған контракт мақұлданысын.

Бұл контракт шартының өзгертілуі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісіледі деп белгіленсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтан сөздер - алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1998.01.30. N 57 қаулысымен.

2. Бұл контрактіні қаржыландыру АҚШ-тың Эксимбанкі беретін кредиттің есебінен жүзеге асырылсын.

3. Мыналар назарға алынсын:

тапсырыс беруші кредит бойынша займшы болып табылады;

кредит бойынша аванстық, сақтандыру және біржолғы комиссиялық төлемдерді мердігер жүргізеді.

Мердігер мен тапсырыс беруші мейманхананы салу кезеңіндегі кредит үшін проценттерді өтеудің техникалық-экономикалық негіздемесін Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне 1996 жылдың 1 қаңтарына дейін тапсырсын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы және Экономика министрліктерінің қатысуымен "Тартл Марко Поло, Клаб Отель Менджмент энд Маркетинг" герман компаниясымен құрылысы аяқталған соң "Астана" мейманханасын оған басқаруға беру контрактісін тапсырыс берушінің 1996 жылдың 1 қаңтарына дейін жасауына көмек көрсетсін, онда кредитті өтеу, проценттерді төлеу және мейманхана пайдалануға

берілген мезеттен ілеспе шығындардың барлығын, сондай-ақ кредит бойынша төлемдер уақытылы төленбеген немесе контракті кредит өтелгенге дейін бұзылған жағдайда тиісті айыппұлдарды төлеу жөнінде басқарушы компанияның міндеттемелерін қарастырсын.

5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне тартылған кредиттік қызмет көрсетуді жүргізуге өкілеттік берілсін.

6. Займшыға (тапсырыс берушіге) мыналар ұсынылсын:

жобаның банк сараптамасын өткізу үшін қажетті барлық материалдарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкімен беру;

тапсырыс берушінің басқарушы компаниямен контракті шарттарын ескеріп, Қазақстан Республикасының Экспорт-импорт банкімен кепілдіктер мен қардарлық міндеттемелер берілген ішкі кредит келісімін жасау.

7. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі:

жобаға сараптама жүргізіп, оның нәтижесін Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитетіне берсін;

кепілдемелік және қардарлық міндеттемелерді беріп, басқарушы компанияның тапсырыс берушімен контракті шарттары ескеріліп, жобаның сараптама нәтижесі бойынша АҚШ-тың Эксбанкімен кредиттік келісімін және займшымен (тапсырыс берушімен) ішкі кредит келісімін жасасын;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен кредитті өтеу, проценттерді және басқа ілеспе шығыстарды төлеу бойынша міндеттемелер туралы келісім жасасын:

8. Тапсырыс беруші мен мердігер жүргізілген сараптамада анықталған кемшіліктерді жою жөнінде қысқа мерзімде шаралар қабылдасын.

9. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан

Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкімен келісімі және қорытындысы, сондай-ақ тапсырыс берушінің басқарушы компаниясымен контракт шарттарының негізінде, 1996 жылғы 1 қаңтардан күшіне енетін кредитор банкке Қазақстан Республикасының кепілдігін берсін.

10.

<*>

Ескерту. 10-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1998.10.30. N 1114 қаулысымен.

P981114_

11. Осы қаулының іске асырылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

<*>

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ жаңа редакцияда берілді - ҚР Үкіметінің 1998.01.30.
N 57 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК